8-кестеде көрсетілгендей, 2025 жылдың тамызымен салыстырғанда Сарыбұлақ, Ақсу, Қылшықты, Шағалалы, Жабай, Сілеті, Нұра өзендерінде, сондай-ақ Нұра-Есіл арнасында жер үсті суларының сапасы айтарлықтай өзгерген жоқ.

Есіл өзеніндегі судың сапасы 3-сыныптан 5-сыныпқа, Беттібұлақ өзені 1-сыныптан 5-сыныпқа өзгерді – нашарлады.

Ақбулақ өзеніндегі судың сапасы 6-сыныптан 4-сыныпқа, Ащылыайрық өзенінде 6 сыныптан 3 сыныпқа, Астана су қоймасында 2 сыныптан 1 сыныпқа өзгерді - жақсарды.

Астана қаласы мен Ақмола облысының су объектілеріндегі негізгі ластаушы заттар ОБТ<sub>5</sub>, ОХТ, хлоридтер, қалқыма заттар, аммоний-ионы, мыс, магний, жалпы фосфор, сульфаттар, жалпы темір, мырыш болып табылады.

### Жоғары және экстремалды жоғары ластануының жағдайлары

2026 жылдың тамыз айында Астана қаласы мен Ақмола облысы бойынша жоғары ластану (ЖЛ) мен экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелмеді.

Көлденең қималар контекстіндегі су объектілерінің сапасы туралы ақпарат 2-қосымшада келтірілген.

## **5. Тамыз айындағы Щучье-Бурабай курорттық аймағының аумағындағы көлдердің түптік шөгінділерінің жай-күйі.**

Щучье-Бурабай курорттық аймағының аумағындағы түптік шөгінділердің сынамаларын мамыр айында 10 көлде 22 бақылау нүктесі бойынша іріктеу жүргізілді.

Төменгі шөгінділердегі ауыр металдардың (мыс, хром, кадмий, қорғасын, мышьяк, никель және марганец) құрамы талданды. Сынамалар саны (1500 гр), іріктеу әдістемесі тиісті МЕМСТ-пен регламенттелген.

**Катаркөл көлдің** түбіндегі шөгінділердің сынамаларында кадмий концентрациясы 0,0059 мг/кг, никель – 0,0107 мг/кг, қорғасын – 0,0315 мг/кг, мыс – 0,0621 мг/кг, хром – 0,0327 мг/кг, күшәла – 0,0185 мг/кг, марганец – 0,0143 мг/кг.

**Щучье көлінде** іріктеп алынған түптік шөгінділер сынамаларында кадмий концентрациясы орта есеппен, 0,0068 мг/кг, никель – 0,0122 мг/кг, қорғасын – 0,0295 мг/кг, мыс – 0,0549 мг/кг, хром – 0,0134 мг/кг, күшәла – 0,0143 мг/кг, марганец – 0,0089 мг/кг.

**Кіші Шабакты көлінде** іріктеп алынған түптік шөгінділер сынамаларында кадмий концентрациясы орта есеппен 0,0040 мг/кг, никель – 0,0125 мг/кг, қорғасын – 0,0105 мг/кг, мыс – 0,0451 мг/кг, хром – 0,0088 мг/кг, күшәла – 0,0092 мг/кг, марганец – 0,0027 мг/кг.

**Майбалық көлінде** түбіндегі шөгінділердің сынамаларында кадмий концентрациясы 0,0021 мг/кг, никель – 0,0082 мг/кг, қорғасын – 0,0127 мг/кг, мыс – 0,0173 мг/кг, хром – 0,0214 мг/кг, күшәла – 0,0081 мг/кг, марганец – 0,0122 мг/кг.

**Текекөл көлінде** түбіндегі шөгінділердің сынамаларында кадмий концентрациясының 0,0056 мг/кг, никель – 0,0105 мг/кг, қорғасын – 0,0074 мг/кг, мыс – 0,0421 мг/кг, хром – 0,0271 мг/кг, күшәла – 0,0076 мг/кг, марганец – 0,0154 мг/кг.

**Үлкен Шабакты көлінде** іріктеп алынған түптік шөгінділер сынамаларында кадмий концентрациясы орта есеппен 0,0025 мг/кг, никель – 0,0277 мг/кг, қорғасын – 0,0126 мг/кг, мыс – 0,0102 мг/кг, хром – 0,0161 мг/кг, күшәла – 0,0147 мг/кг, марганец – 0,0049 мг/кг.

**Сұлукөл көлінде** іріктеп алынған түптік шөгінділер сынамаларында кадмий концентрациясы 0,0057 мг/кг, никель – 0,0136 мг/кг, қорғасын – 0,0098 мг/кг, мыс – 0,0524 мг/кг, хром – 0,0315 мг/кг, күшәла – 0,0171 мг/кг, марганец – 0,0136 мг/кг.

**Қарасу көлінде** түбіндегі шөгінділердің сынамаларында кадмий концентрациясы 0,0029 мг/кг, никель – 0,0073 мг/кг, қорғасын – 0,0116 мг/кг, мыс – 0,0285 мг/кг, хром – 0,0286 мг/кг, күшәла – 0,0074 мг/кг, марганец – 0,0176 мг/кг.

**Бурабай көлінде** іріктеп алынған түптік шөгінділер сынамаларында кадмий концентрациясы орта есеппен 0,0054 мг/кг, никель – 0,0266 мг/кг, қорғасын – 0,0132 мг/кг, мыс – 0,0658 мг/кг, хром – 0,0052 мг/кг, күшәла – 0,0155 мг/кг, марганец – 0,0067 мг/кг.

**Жүкей көлінде** түбіндегі шөгінділердің сынамаларында кадмий концентрациясы 0,0072 мг/кг, никель – 0,0148 мг/кг, қорғасын – 0,0071 мг/кг, мыс – 0,0575 мг/кг, хром – 0,0252 мг/кг, күшәла – 0,0262 мг/кг, марганец – 0,0122 мг/кг құрайды.

Щучье-Бурабай курорттық аймағының көлдеріндегі түптік шөгінділерді талдау нәтижелері 4-қосымшада.

## 6. Радиациялық жағдай

Гамма сәулелену деңгейін бақылау Астана қаласы мен Ақмола облысының аумағында күн сайын 15 метеорологиялық станцияда (Астана, Аршалы, Ақкөл, Атбасар, Балкашино, КФМС «Бурабай», Егіндікөл, Ерейментау, Көкшетау, Қорғалжын, Степногор, Жалтыр, Бурабай, Щучинск, Шортанды) және атмосфераның жер үсті қабатының радиоактивті ластануын бақылау 5 метеорологиялық станцияда (Атбасар, Көкшетау, Степногор, Астана, КФМС «Бурабай») горизонтальді планшеттермен бес тәуліктік ауа сынамаларын алу жолымен жүзеге асырылды.

Кесте 9

### Көрсеткіштердің шекті мәндері

| Көрсеткіш (ШЖШ)                   | Максималды концентрация | Минималды концентрация |
|-----------------------------------|-------------------------|------------------------|
| Гамма-фон (0,57 мкЗв/сағ)         | 0,14 мкЗв/сағ           | 0,09 мкЗв/сағ          |
| Тығыздық (110 Бк/м <sup>2</sup> ) | 2,2 Бк/м <sup>2</sup>   | 1,3 Бк/м <sup>2</sup>  |

Облыс бойынша орташа радиациялық гамма-фон 0,11 мкЗв/сағ құрады және радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,8 Бк/м<sup>2</sup> құрады, бұл шекті рұқсат етілген шоғырдан аспады.

**Астана қаласы бойынша бақылау бекеттерінің орналасқан жері  
және анықталатын қоспалар**

| Бекет<br>номері | Бекеттің мекен-жайы                                                    | Сынама алу                                                  | Анықталатын қоспалар                                                                                                                                                                                                                   |
|-----------------|------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| №1              | Жамбыл к-сі, 11                                                        | Қол күшімен<br>сынама алу                                   | қалқыма бөлшектері (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, фторлы сутек, бензапирен, бензол, этилбензол, хлорбензол, параксилол, метаксилол, кумол, ортаксилол, кадмий, мыс, қорғасын, цинк, хром        |
| №2              | Республика д-лы, 35, №3 мектеп                                         |                                                             | қалқыма бөлшектері (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, фторлы сутек, бензапирен, бензол, этилбензол, хлорбензол, параксилол, метаксилол, кумол, ортаксилол, кадмий, мыс, қорғасын, цинк, хром        |
| №3              | Телжан Шонанұлы к-сі, 47, лесозавод ауданы                             |                                                             | қалқыма бөлшектері (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, фторлы сутек, бензапирен, бензол, этилбензол, хлорбензол, параксилол, метаксилол, кумол, ортаксилол, кадмий, мыс, қорғасын, цинк, хром, күшән |
| №4              | Лепсі к-сі, 38                                                         |                                                             | қалқыма бөлшектері (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, фторлы сутек, бензапирен, бензол, этилбензол, хлорбензол, параксилол, метаксилол, кумол, ортаксилол, кадмий, мыс, қорғасын, цинк, хром, күшән |
| №5              | Тұран д-лы, 2/1 орталық құтқару станциясы                              | үздіксіз<br>режимде-әр 20<br>минут сайын                    | PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, көміртегі оксиді, күкірт диоксиді, күкірт сутегі, азот диоксиді, азот оксиді                                                                                                      |
| №6              | Қабанбай батыр д-лы, 53, Назарбаев Университеті                        |                                                             | PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, көміртегі оксиді, күкірт диоксиді                                                                                                                                                 |
| №7              | Түркістан к-сі, 2/1, РФММ                                              |                                                             | күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, күкірт сутегі                                                                                                                                                                                       |
| №8              | Бабатайұлы к-сі 24, Көктал -1, Ә. Марғұлан атындағы № 40 орта мектебі  |                                                             | 2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксид, азот оксиді, күкірт сутегі, озон                                                                                                    |
| №9              | Байтұрсынов көшесі, 25, №72 лицей мектебі, Х.Сұлтан Мешіті ауданы      |                                                             | күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксид, азот оксиді, күкірт сутегі, озон                                                                                                                                                      |
| №10             | К.Мұнайтпасов көшесі, 13, Еуразия ұлттық университеті                  |                                                             | 2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксид, азот оксиді, күкірт сутегі, озон                                                                                                    |
| №1              | Жерұйық саябағы (Юго-Восток аумағы)                                    | Жылжымалы<br>зертхана<br>тоқсанына 1 рет<br>(10 күн ішінде) | 2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, көміртегі оксиді, күкірт диоксиді, күкірт сутегі, азот диоксиді, азот оксиді                                                                                                         |
| №2              | № 6 қалалық аурухана (Аманат 3, Қараөткел ықшам ауданы, Алматы ауданы) |                                                             |                                                                                                                                                                                                                                        |
| №3              | СК «Алатау» (Евразия аумағы)                                           |                                                             |                                                                                                                                                                                                                                        |
| №4              | Көктал ықшам ауданы (Тлендиев және Ұлытау көшесі қиылысы)              |                                                             |                                                                                                                                                                                                                                        |
| №5              | СК «Алау»                                                              |                                                             |                                                                                                                                                                                                                                        |
| №6              | Сығанақ және Ш. Айтматов көшесі қиылысы                                |                                                             |                                                                                                                                                                                                                                        |
| №7              | Үркер ауылы, Ұзақ батыр көшесі аумағы                                  |                                                             |                                                                                                                                                                                                                                        |
| №8              | Қорғалжын тас жолы бойындағы №90 мектеп гимназия аумағы                |                                                             |                                                                                                                                                                                                                                        |

|     |                                                         |  |  |
|-----|---------------------------------------------------------|--|--|
| №9  | Шұбар ауданы (Арай және Космонавты көшелерінің қиылысы) |  |  |
| №10 | №2 қалалық бала ауруханасы ( 2-Өндірістік аймақ ауданы) |  |  |
| №11 | №2 қалалық ауруханасы (ЭКСПО ауданы)                    |  |  |



Астана қаласы бекеттерінің, экспедициялық бақылаулар нүктелерінің орналасу картасы







## 2 Қосымша

### Ақмола облысы бойынша бақылау бекеттерінің орналасқан жері және анықталатын қоспалар

| Елді мекен  | Бекеттің номері және мекен-жайы                                   | Сынама алу                                         | Анықталатын қоспалар                                                                                                           |
|-------------|-------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Көкшетау қ. | № 1 ЛББ<br>Вернадский көшесі, 46 «Б»,<br>№12 орта мектебі         | үздіксіз режимде-әр 20 минут сайын                 | Көміртегі оксиді,<br>PM-2,5 қалқыма бөлшектері,<br>PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді,<br>азот диоксиді,<br>азот оксиді |
|             | № 2 ЛББ<br>№17 орта мектеп-гимназиясы, Васильковский ықшам ауданы |                                                    |                                                                                                                                |
|             | 2 нүкте                                                           | Жылжымалы зертхана токсанына 1 рет (10 күн ішінде) | PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, көміртегі оксиді,<br>күкірт диоксиді,<br>күкірт сутегі,                   |

|                |                                                                         |                                                          |                                                                                                                                                    |
|----------------|-------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                |                                                                         |                                                          | азот диоксиді                                                                                                                                      |
| Степногорск қ. | № 1 ЛББ<br>№7 мкр,<br>5 ғимарат                                         | үздіксіз режимде-әр 20 минут сайын                       | Күірт диоксиді, көміртегі оксиді,<br>азот диоксиді,<br>азот оксиді.                                                                                |
| Атбасар қ.     | № 1 ЛББ<br>№1 мкр,<br>3 құрылыс                                         |                                                          | көміртегі оксиді,<br>күкірт диоксиді,<br>PM-2,5 қалқыма бөлшектері,<br>PM-10 қалқыма бөлшектері                                                    |
| Бурабай КФСМ   | № 1 ЛББ<br>«Боровое» кешенді фон<br>мониторингі станциясы               |                                                          | Күкірт диоксиді,<br>көміртегі оксиді,<br>азот диоксиді,<br>азот оксиді,<br>озон (жер істі),<br>күкірт сутегі                                       |
| Бурабай ау.    | №2 ЛББ<br>Кенесары көшесі, 25,<br>С.Сейфуллин атындағы<br>мектеп аумағы |                                                          | Көміртегі оксиді,<br>күкірт диоксиді,<br>азот диоксиді,<br>азот оксиді                                                                             |
| Щучинск қ.     | № 5 ЛББ<br>Шоссейная көшесі, №171                                       |                                                          | PM-2,5 қалқыма бөлшектері,<br>PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт<br>диоксиді,<br>көміртегі оксиді                                                    |
| Ақсу ау.       | № 1 ЛББ<br>Набиев көшесі, 26, әкімшілік<br>ауданы                       |                                                          | Көміртегі оксид,<br>күкірт диоксиді,<br>азот диоксиді,<br>азот оксиді,<br>күкірт сутегі,<br>PM-2,5 қалқыма бөлшектері,<br>PM-10 қалқыма бөлшектері |
| Бестөбе ау.    | № 1 ЛББ Шуақты көшесі, 91,<br>№4 орта мектебі                           |                                                          | Күкірт диоксиді,<br>көміртегі оксиді,<br>азот диоксиді,<br>озон (жер үсті),<br>күкірт сутегі                                                       |
| Жолымбет ау.   | 3 нүкте                                                                 | Жылжымалы зертхана<br>токсанына 1 рет<br>(10 күн ішінде) | Азот диоксиді,<br>күкірт диоксиді,<br>2,5 қалқыма бөлшектері,<br>PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт<br>сутегі,<br><i>көміртегі оксиді</i>            |

## Ақмола облысының бекеттерінің, экспедициялық бақылаулар нүктелерінің орналасу картасы



- автоматический стационарный пост
- точка передвижного наблюдения

**2026 жылдың тамыз айындағы Астана қаласы және Ақмола облысының  
тұстамалар бойынша жер үсті суларының сапасы туралы ақпарат**

| Су объектісі және тұстама                                                                                                               | Физикалық-химиялық көрсеткіштердің сипаттамалары                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                           |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Есіл өзені                                                                                                                              | Судың температурасы 18,6-27,2°C шегінде белгіленді, сутегі көрсеткіші 7,69-8,92, суда еріген оттегінің концентрациясы 3,79-9,98 мг/дм <sup>3</sup> , ОБТ5 – 0,45-3,88 мг/дм <sup>3</sup> , түстілігі – 14-28°, мөлдірлігі – 25 см, иісі – 0 балл, кермектігі – 4,14-6,3 мг-экв/дм <sup>3</sup> , оттегімен қанығу % - 50,0-128,44%.         |                                                                                                                                                                                           |
| Турген а., 1,5 км солт.-тен қарай оңтүстікке, Турген ауылынан , 1,5 км төмен су бекеті тұстамасы                                        | 4 сынып                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | Қалқыма заттар – 6,8 мг/дм <sup>3</sup> .<br>Қалқыма заттар концентрациясы фондық сыныптан асып түседі.                                                                                   |
| Астана қ., тазартылған нөсер суы шығарылғаннан 0,5 км жоғары тұстама                                                                    | 3 сынып                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | ОХТ – 18,2 мг/дм <sup>3</sup> , магний – 32,4 мг/дм <sup>3</sup> , аммоний ионы – 0,762 мг/дм <sup>3</sup> , мыс – 0,0021 мг/дм <sup>3</sup>                                              |
| Астана қ., тазартылған нөсер суы шығарылғаннан 0,5 км төмен тұстама                                                                     | 3 сынып                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | Аммоний ионы – 0,659 мг/ дм <sup>3</sup> , магний – 27,1 мг/дм <sup>3</sup> , мыс – 0,0025 мг/дм <sup>3</sup>                                                                             |
| Астана қ., Көктал кенті «Астана су арнасы» тазартылған ағынды сулар төгіндісінен 2,0 км жоғары» тұстама                                 | 4 сынып                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | Хлоридтер – 354,49 мг/дм <sup>3</sup> , жалпы фосфор– 0,486 мг/дм <sup>3</sup> , аммоний ионы – 1, 402 мг/ дм <sup>3</sup>                                                                |
| Астана қ., Көктал кенті «Астана су арнасы» тазартылған ағынды сулар ағызудан 1,5 км төмен»                                              | 3 сынып                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | ОХТ – 15,1 мг/дм <sup>3</sup> , магний – 36,6 мг/дм <sup>3</sup> , аммоний ионы – 0,721 мг/дм <sup>3</sup> , мыс – 0,0032 мг/дм <sup>3</sup> , мұнай өнімдері – 0,051 мг/ дм <sup>3</sup> |
| Астана қ., «Ұлы Дала» көпірінің ауданында                                                                                               | 4 сынып                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | Мырыш – 0,0114 мг/дм <sup>3</sup>                                                                                                                                                         |
| Есіл қ. (Каменный карьер а.), Щебзауыттың солтүстік-батыс шеті тұстамасы                                                                | 4 сынып                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | Қалқыма заттар – 12,8 мг/дм <sup>3</sup> , ОБТ5 – 3,88 мг/дм <sup>3</sup> .<br>Қалқыма заттар мен ОБТ5 концентрациясы фондық сыныптан асып түседі.                                        |
| Ақбұлақ өзені                                                                                                                           | Судың температурасы 25,4-27,4 °C шегінде белгіленді, сутегі көрсеткіші 7,75-8,31, суда еріген оттегінің концентрациясы 4,85-10,3 мг/дм <sup>3</sup> , ОБТ5 – 0,46-2,14 мг/дм <sup>3</sup> , түстілігі – 10-18°, мөлдірлігі – 23-25 см, иісі – 0-2 балл, кермектігі – 7,16-8,8 мг-экв/дм <sup>3</sup> , оттегімен қанығу % - 62,99-137,88 %. |                                                                                                                                                                                           |
| Астана қ., сорғы-сүзгі станциясының шайынды суларының шығарылуынан 0,7 км жоғары (Ш. Құдайбердиев к-сі ауданы)                          | 4 сынып                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | Магний – 60,8 мг/дм <sup>3</sup> , жалпы фосфор– 0,674 мг/дм <sup>3</sup> , мырыш – 0,0124 мг/дм <sup>3</sup>                                                                             |
| Астана қ., сорғы-сүзгі станциясының шайынды суларының шығарылуынан 0,5 км төмен (А.С.Пушкин көшесі ауданындағы жаяу жүргіншілер көпірі) | 4 сынып                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | Магний – 60,4 мг/дм <sup>3</sup> , мырыш – 0,0112 мг/дм <sup>3</sup>                                                                                                                      |

|                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Астана қ., Есіл өзеніне құяр алдында, "Мечта" дүкенінің ауданындағы көлік көпірі маңында (Амман к-сі, 14) | 4 сынып                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | Аммоний-ионы – 1,974 мг/дм <sup>3</sup>                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| Астана қ., тазартылған нөсер суының шығарылуынан 0,5 км төмен, Ақжол к-сі ауданы                          | 4 сынып                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | Аммоний ионы – 1,99 мг/дм <sup>3</sup> , жалпы фосфор – 0,609 мг/дм <sup>3</sup> , мырыш – 0,012 мг/дм <sup>3</sup>                                                                                                                                                                                                                |
| Сарыбұлақ өзені                                                                                           | Судың температурасы 21,0-21,8 °С шегінде белгіленді, сутегі көрсеткіші 7,66-7,71, суда еріген оттегінің концентрациясы 3,48-3,64 мг/дм <sup>3</sup> , ОБТ5 – 0,3-0,54 мг/дм <sup>3</sup> , түстілігі 18-26°, мөлдірлігі – 25 см, иісі – 0 балл, кермектігі – 6,92-9,38 мг-экв/дм <sup>3</sup> , оттегімен қанығу % - 41,68-43,44 %.  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
| Астана қаласы, А. Молдағұлова көшесі ауданы, тазартылған нөсер суының шығарылуынан 0,6 км жоғары          | 4 сынып                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | Магний - 67,0 мг/дм <sup>3</sup> , аммоний ионы - 1,831 мг/дм <sup>3</sup> .                                                                                                                                                                                                                                                       |
| Астана қаласы, А. Молдағұлова көшесі, тазартылған нөсер суының шығуынан 0,5 км төмен                      | 5 сынып                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | Қалқыма заттар – 18,8 мг/дм <sup>3</sup> .<br>Қалқыма заттар концентрациясы фондық сыныптан асып түседі.                                                                                                                                                                                                                           |
| Астана қ., Есіл өзеніне құяр алдында                                                                      | 5 сынып                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | Қалқыма заттар – 18,0 мг/дм <sup>3</sup> .<br>Қалқыма заттар концентрациясы фондық сыныптан асып түседі.                                                                                                                                                                                                                           |
| Нұра өзені                                                                                                | Судың температурасы 22,4-25,4°С шегінде белгіленді, сутегі көрсеткіші 7,44-7,78, суда еріген оттегінің концентрациясы – 6,69-8,71 мг/дм <sup>3</sup> , ОБТ5- 2,8-3,11 мг/дм <sup>3</sup> , мөлдірлігі 0-8 см, кермектігі – 6,12-10,3 мг-экв/дм <sup>3</sup> .                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
| Рахымжан Қошқарбаев а., ауылдан 5,0 км төмен тұстама                                                      | 6 сынып                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | Қалқыма заттар – 85,2 мг/дм <sup>3</sup> , жалпы темір – 1,13 мг/дм <sup>3</sup> .<br>Қалқыма заттардың концентрациясы фондық сыныптан асып түседі.                                                                                                                                                                                |
| Су бекетінің тұстамасындағы шлюздер                                                                       | 3 сынып                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | ОХТ – 17,3 мг/дм <sup>3</sup> , магний – 45,8 мг/дм <sup>3</sup> , сульфаттар – 107,15 мг/дм <sup>3</sup> , аммоний ионы – 0,668 мг/дм <sup>3</sup> , мыс – 0,0041 мг/дм <sup>3</sup> .<br>ОХТ, сульфаттардың концентрациялары фондық сыныптан аспайды. Аммоний-ионы, магний, мыстың концентрациялары фондық сыныптан асып түседі. |
| Сабынды ауылынан 6 км оңтүстікке қарай                                                                    | 6 сынып                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | Қалқыма заттар – 83,8 мг/дм <sup>3</sup> , жалпы темір – 1,21 мг/дм <sup>3</sup> .<br>Қалқыма заттардың концентрациясы фондық сыныптан асып түседі.                                                                                                                                                                                |
| Қорғалжын а., ауылдан 0,2 км төмен                                                                        | 6 сынып                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | Қалқыма заттар – 106,0 мг/дм <sup>3</sup> , жалпы темір – 1,76 мг/дм <sup>3</sup> , хлоридтер – 408,0 мг/дм <sup>3</sup><br>Қалқыма заттар мен хлоридтердің концентрациялары фондық сыныптан асып түседі.                                                                                                                          |
| Нұра-Есіл арнасы                                                                                          | Судың температурасы 24,8-25,2 °С шегінде белгіленді, сутегі көрсеткіші 8,4-8,43, суда еріген оттегінің концентрациясы 6,52-7,73 мг/дм <sup>3</sup> , ОБТ5 – 0,45-0,46 мг/дм <sup>3</sup> , түстілігі – 14-34°, мөлдірлігі – 25 см, иісі - 0 балл, кермектігі – 6,09-6,47 мг-экв/дм <sup>3</sup> , оттегімен қанығу % - 83,27-99,49%. |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
| арна басы, су бекеті тұстамасында                                                                         | 3 сынып                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | ОХТ – 17,3 мг/дм <sup>3</sup> , магний – 45,8 мг/дм <sup>3</sup> , сульфаттар – 107,15 мг/дм <sup>3</sup> , аммоний ионы – 0,668 мг/дм <sup>3</sup> , мыс – 0,0041 мг/дм <sup>3</sup> . ОХТ, магний, сульфаттардың концентрациялары фондық сыныптан аспайды. Аммоний-ионы мен мыстың концентрациясы фондық сыныптан асып түседі.   |

|                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                        |
|--------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Нұра-Есіл арнасы, Мәңгілік Ел даңғылы ауданындағы жаяу жүргіншілер көпірінің маңында | 3 сынып                                                                                                                                                                                                                                                         | ОХТ – 22,5 мг/дм3, магний – 42,0 мг/дм3, мыс – 0,0046 мг/дм3.                                                                                                                                          |
| Астана су қоймасы                                                                    | Судың температурасы – 23,6 °С шегінде белгіленді, сутегі көрсеткіші – 8,01, суда еріген оттегінің концентрациясы 6,36 мг/дм3, ОБТ5 – 0,61 мг/дм3, түстілігі – 16°, мөлдірлігі – 25 см, иісі - 0 балл, кермектігі – 4,31 мг-экв/дм3, оттегімен қанығу % - 79,1%. |                                                                                                                                                                                                        |
| Арнасай а., СШ 2 км<br>Арнасай а. су бекеті<br>тұстамасында                          | 1 сынып                                                                                                                                                                                                                                                         | -                                                                                                                                                                                                      |
